

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 маусымдағы N 760 және 1996 жылғы 10 желтоқсандағы N 1511 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 қарашадағы N 1487. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.13. N 1140 қаулысымен.

"Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 12, 77-құжат) және "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымындағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

"Жер учаскелеріне жеке меншік құқығын және жер пайдалану құқығын беру тәртібі жөніндегі Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 шілдедегі N 760 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 251-құжат):

аталған қаулымен бекітілген Жер учаскелеріне жеке меншік құқығын және жер пайдалану құқығын беру тәртібі жөніндегі Ережеде:

16-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Өндірістік қызметпен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жер учаскесіне жеке меншік құқығына, тұрақты жер пайдалану құқығына актілер ақысыз беріледі.

Бұл жұмыстар жерге орналастыруды жүргізуге көзделген бюджет қаржысы есебінен қаржыландырылады";

"Мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін немесе тұрақты жер пайдалану құқығын сатып алу-сату тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 желтоқсандағы N 1511 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 51, 491-құжат):

Мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін немесе тұрақты жер пайдалану құқығын сатып алу-сату тәртібінде:

20-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Өндірістік қызметпен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілері жер учаскесінің (жер пайдалану құқығының) құнына ақыны мерзімін үш жылға кейінге қалдыра отырып төлей алады".

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК